

2024 жылдың үшінші тоқсанында «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-та жүргізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері

I. Кіріспе бөлім

1. **Қызметі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілген квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауы:** «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ (бұдан әрі - Қоғам).
2. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті** комплаенс-қызмет басшысы Әсел Сейтжанқызы Жақаева, бас комплаенс-бақылаушы Бақытжан Маралбекұлы Түменбаев жүргізді.
Жұмыс телефоны 8 (7172) 95-56-56, ішкі нөмірі 155.
3. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі:** 2024 жылғы 23-30 қыркүйек аралығында.
4. **Байқалған кезең:** 2024 жылғы 1 шілдеден 30 қыркүйекке дейін.

II. Ақпараттық-талдау бөлімі

Тексерулер мен ревизиялар жүргізу

Мемлекеттік органдар тарапынан Қоғамға қатысты бақыланатын кезеңде тексерулер немесе аудит жүргізілмеген.

Сыбайлас жемқорлық көріністері немесе лауазымдық теріс пайдалану жағдайлары туралы өтініштер мен жарияланымдар

Байқалған кезеңде Қоғамға жазбаша өтініштер, сондай-ақ senim@kazakhexport.kz сенім электрондық поштасына және «Senim» 8(7172) 55 44 70 сенім телефонына Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің іс-әрекеттеріндегі теріс пайдалану немесе сыбайлас жемқорлық көріністері, сондай-ақ олардың тарапынан алаяқтық әрекеттер жағдайлары туралы мәліметтерді қамтитын өтініштер түскен жоқ.

Мерзімді баспасөз, телевизиялық және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ), сондай-ақ әлеуметтік желілерде Қоғамдағы алаяқтық жағдайлары, оның лауазымды адамдары мен жұмыскерлері арасындағы сыбайлас жемқорлық көріністері мен лауазымдық теріс пайдалану туралы мәліметтер туралы жарияланымдар, мақалалар, жазбалар орналастырылмаған.

Қоғам туралы және оның әлеуметтік желілер мен БАҚ-тағы қызметі туралы жалпы саны ағымдағы жылдың 3-тоқсанында 612 сілтемені құрады.

Оның ішінде: Қоғам туралы 391 сілтеме оң сипатта болды;

211 бейтарап сипатта болды;

теріс реңкілік жариялымдар - жоқ.

Құқықтық статистика органдарының, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың мәліметтері

Жүргізіліп жатқан мониторинг аясында ағымдағы жылдың үшінші тоқсаны ішінде құқықтық қамтамасыз ету және сақтандыру мен кепілдік төлемдері департаменттерінің жұмыскерлері жүргізетін талап-арыз жұмысы бойынша құжаттар, Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми Интернет-ресурстары, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет),

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының арнайы есепке алу және құқықтық статистика жөніндегі комитетінің, «Компра» ақпараттық-анықтамалық сервисінің деректері зерделенді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг Қоғамның жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық істер қозғау және қылмыстық жауапкершілікке тарту жағдайларын анықтаған жоқ.

Қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына қатысты әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс қозғау фактілері болған жоқ.

Қоғамның, оның жұмыскерлері мен лауазымды адамдарының қатысуымен қылмыстық және әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот талқылаулары болған жоқ.

Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуразиялық Даму Банкі, Дүниежүзілік Банк, Transparency International

(сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және сыбайлас жемқорлық деңгейін зерттеу жөніндегі үкіметтік емес халықаралық ұйым), FATF (халықаралық ұйым-ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі шараларды әзірлеу жөніндегі топ) халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың Интернет-ресурстарында Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың көріністері туралы немесе оның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру жөніндегі операцияларды жүзеге асыруы туралы айтылмады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтау

Мониторинг барысында басқарма мүшелері қатарындағы лауазымды адамдардың және Қоғам жұмыскерлерінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларында және Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтамау жағдайлары белгіленбеген.

Белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтамау фактілері анықталған жоқ: Қоғамда басқару функцияларын орындайтын тұлғаларда және Қоғам жұмыскерлерінде Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан банктерде шоттар мен салымдардың болуы, Қоғамның клиенттермен және қызметтерді (тауарларды) жеткізушілермен жасасатын мәмілелер жобаларын қарау кезінде жеке мүдделерін лоббилеу, Қоғамдағы жақын туыстарының бірлескен жұмысы, құпия мәліметтерді жеке мақсатта пайдалану және жария ету туралы ескертулер мен мәліметтер анықталған жоқ.

Қоғам штатына сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмыскерлер ретінде қабылдау жағдайлары жоқ, бұл ҚР Бас прокуратурасы комитетінің арнайы есеп және құқықтық статистика жөніндегі аумақтық органдары адам ресурстарын басқару департаменті қалыптастырған жұмыскерлердің электрондық жеке істерінде берген тиісті анықтамалардың болуымен расталады.

Мүдделер қақтығысының болуы және оны реттеу байқалған кезеңде Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің ағымдағы жұмысында мүдделер қақтығысы жағдайларының туындамауы байқалды.

Мүдделер қақтығысының болуы және оны реттеу

Байқалған кезеңде Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің ағымдағы жұмысында мүдделер қақтығысы жағдайларының туындамауы байқалды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Ағымдағы жылдың 3-тоқсанында Қоғам жұмыскерлеріне 2024 жылғы 23 қыркүйекте онлайн-оқыту арқылы «Алаяқтық әрекеттердің формалары мен түрлері. «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-та алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды іске асыру» тақырыбында оқыту өткізілді, оның аясында Қоғам жұмыскерлеріне алаяқтықтың нысандары мен тәсілдері туралы, оның ішінде Қоғамға қатысты жасалуы мүмкін ақпарат жеткізілді, қаржылық және сақтандыру алаяқтық мәселелері де қарастырылды, соңында алаяқтық жағдайларының алдын

алу және Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе алаяқтық жағдайлары туралы хабарлау тәсілдері туралы ұсыныстар берілді.

I. Қорытынды бөлім

Тұжырымдар:

Байқалатын кезеңде Қоғамның жұмыскерлері мен лауазымды адамдарының қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың расталған жағдайлары жоқ.

Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің ағымдағы жұмысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттар сақталды.

Комплаенс-қызметінің басшысы

А. Жақаева

Бас комплаенс-бақылаушы

Б. Түменбаев